

# Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты

Жерлесіміз облыстық домбырашылар сайысының жеңімпазы атанды

Наурыздың 28-ші жұлдызында Амангелді ауданында Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері, күйші-композитор Айтбай Мұздахановтың шығармашылығына арналған «Қанатты домбыра» атты облыстық күйшілер сайысы өтті.

Байқауда аудан намысын өнер мектебінің домбыра сыныбының оқушысы Ануар Адаев қорғады.

Айтбай Мұздахановтың «Амангелді дүбірі» атты күйін мүлтіксіз орындап шыққан Ануардың өнері қалың көпшіліктің көңілінен шығып, автордың қолын алып, аты қазаққа танымал күйші, дирижер аға-апаларымыздың ыстық қыластарына бөленді.

Амангелді ауданында өткен сайыс басқа байқаулардан өте ерекше болды. Себебі, орындаған күйімнің авторы сахна алдында отырып, барлығын бақылағаннан болар қатты қобалжыдым. Шараның шымылдығын ашып, алғашқылардың бірі болып өнер



Ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйлылық біліктіліктің биік шыңына алып шығары сөзсіз

көрсетуде оңайға соқпады. Кейіннен ұстазым Мейір Мейрамханұлының көмегі

мен қолдауының арқасында күйді мінсіз орындап шықтым. Жеңістің биік

тұғырынан көрініп, жүдделі орын алғанымға қатты қуаныштымын, - дейді Ануар

Ерланұлы

Осыдан 4 жыл бұрын анасының ұсынысымен өнер мектебінің табалдырығын аттаған бала Ануар қазіргі таңда домбыраның құлағында ойнап, репертуарына әлемге әйгілі күйлерді қосқан.

Кейіпкеріміз домбыраның қоңыр үнін шертуді әрі нота оқуды үйреткен ұстазы Мейір Нұрмұхамбетовке алғысы шексіз

- Алғаш қолыма домбыра ұстауды үйреткен ұстазыма дән ризамын. Мен жетекшіме қарап бой түзеймін әрі ол кісіден үлгі аламын. Ұстазым сабақтан тыс уақыттарда әрдайым өзінің ақыл-кеңесін айтып, үнемі қолынан келген көмекті аямайды. Бар білгенімен бөлісіп, әркез мені қайрап, демеп отырады. Ол кісінің маған деген қолдауы мені жеңістің биік шыңына жетелейді. Бойыма өнер, білім, мәдениет, адамгершілік сынды қасиеттерді дарытқан Мейір Мейрамханұлындай ұстаздың шәкірті болу мен үшін үлкен мәртебе, - дейді оқушы Ануар

Шәкірт жүрегіне жол таба білген Мейір Нұрмұхамбетов Ануардың таланты біраз асуларды асатынына кәміл сенеді

- Өнер мектебіне жұмысқа тұрғалы 10 жылдан астам уақыт болыпты. Осы

жылдар аралығында көптеген шәкірт тәрбиелеп, біраз белестерді бағындырдық. «Сен тұр мен атайын» деген үздіктердің үздігі болған шәкірттерімде аз болмады. Қазіргі таңда сол үздік оқушыларымның бірі Ануар Адаев. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған шақта, кішкентай баланың көзінен домбыраға деген қызығушылығы мен ынтасы бірден көрінді. Біраз уақыт бірге жұмыс жасап, кейіннен республикалық, облыстық байқауларда бой көрсетіп, бағымызды сынай бастадық. Бүгінгі таңда берекелі еңбек пен тынымсыз тіраіктің арқасында ауызтолтырып айтарлықтай жетістіктеріміз жетерлік. Алар асуларымыз бен алдыға қойған жоспар-мақсаттарымызда бар. Бойға біткен талантты халықаралық байқауларда паш еткіміз келеді, - дейді домбыра пәнінің оқытушысы Мейір Мейрамханұлы

«Болар бала жасынан» демекші бүгінгі біздің кейіпкеріміздің дарындылығын байқап, демеу көрсетіп отырған ата-анасы мен ұстаздарына үлкен алғысымызды білдіреміз. Көк аспанның биігінде самғап, үлкен асуларды аса берулеріңізге тілектеспіз.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА